

Сәрсен
Аманжолов




ҚАЗАҚ ТІЛІ
ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫ МЕН
ТАРИХЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ



Сәрсен
Аманжолов

ҚАЗАҚ ТІЛІ
ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫ МЕН
ТАРИХЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ



Алматы
СӨЗДІК - СЛОВАРЬ
2004

АМАНЖОЛОВ
САРСЕН



АМАНЖОЛОВ
САРСЕН - САРСЕН
1984

Сәрсен Аманжолов

Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері атты еңбегінің

Қазақ тіліндегі басалымы


Орындауға және нәтижесін қарастыруға

Бұл кітап қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясына қатысты мәселелерді зерттеу мен оқыту үшін маңызды құрал болып табылады.

Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері



«Сөздік-Словарь»
2004



**Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылған**

**Орысшадан аударған және редакциясын қараған
Ғабдолла Қалиев**

Аманжолов Сәрсен

**А 52 Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Оқу
құралы — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004, 536-бет.**

ISBN 9965-409-66-8

Сәрсен Аманжолов (1903—1958)— белгілі түркітанушы-тіл маманы, Қазақстанда ғылымды ұйымдастырушылардың бірі, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан, қазақ диалектологиясының негізін салған, өзінің ғылыми қөзқарастарын батыл қорғай білген. Бұл оқу құралы қазақ тілі мен қазақ халқы тарихының, сондай-ақ қазақ диалектологиясы мен қазақ әдеби тілі тарихының мәселелерін баяндайтын күрделі зерттеу болып табылады, онда қазақ тілінің негізгі үш диалектісінің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктері қарастырылған. Автор жасаған диалектологиялық сөздікте жеке облыстар мен аудандардағы қазақтардың тіліне төн көптеген сөздерге түсінік берілген.

Еңбектің автор даярлаған орысша бірінші басылымы, ол қайтыс болғаннан кейін, 1959 ж. Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасынан жарық көрді.

Кітап филология және тарих факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына, ғылым және мәдениет қызметкерлеріне, мектеп мұғалімдері мен журналистерге және көпшілік оқырмандарға арналады.

ББК 81.2 Қаз -67я7

**А 4602020400
00 (05) -04**

ISBN 9965-409-66-8

© Аманжолов С., 2004
© Сөздік-Словарь, 2004

С. Аманжоловтың «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» атты еңбегінің қазақ тіліндегі басылымына

Бұл кітап қазақтың аса көрнекті ғалымы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың (1903—1958) 1930 жылдардың 2-жартысынан 1958 жылға дейін 20 жылға жуық уақыт бойы жүргізген күрделі зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылатын, 1959 ж. орыс тілінде жарық көрген «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегінің толықтырылған 2-басылымының (Алматы «Санат» баспасы 1997 ж., арнаулы редакторы — филология ғылымдарының докторы А. С. Аманжолов) аудармасы болып табылады.

Еңбекте қазақ халқының шығу тегі, қазақтың халық тілінің қалыптасуы, қазақ тіліндегі диалектілердің пайда болуы, қазіргі жағдайы сияқты мәселелер бір-бірімен тығыз байланыста зерттелген. Қазақ тілінің тарихы оның құрамына кіретін диалектілердің тарихы ретінде баяндалған.

С. Аманжолов кезінде қазақ тілі тарихы мен диалектологиясындағы теориялық мәні бар өзекті мәселелердің қай-қайсысын болсын алғаш рет ғылыми деңгейге көтеріп қоймай, оларды кең көлемде зерттеуге, даулы мәселелерді шешуге батыл қадам жасады. Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің мол қорын жинап, оларды дыбыстық, грамматикалық, лексикалық жағынан талдады, сонымен бірге 4000-дай сөз қамтитын диалектологиялық сөздік жасады. Қазіргі қазақ тіл білімінің жеке саласы болып табылатын қазақ диалектологиясының қалыптасуына С. Аманжолов еңбегінің қаншалықты ықпалы тигендігі жалпыға белгілі.

С. Аманжоловтың бұл еңбегінің орысша бірінші басылымы жарық көргеніне 40 жылдан аса уақыт өтсе де, бұл еңбек қазақ халқының, қазақ тілінің шыққан тегін зерттеп жүрген ғалымдардың ешқайсысының назарынан тыс қалған емес. Себебі еңбекте қазақ халқының құрамына кірген тайпалар, тайпалық одақтар, олардың тарихы, тілі жайында қызық деректер, соны тұжырымдар мол кездеседі.

Көне тарихшылар Рашид-әд-диннің, Әбілғазы Баһадүр ханның, араб тарихшыларының, бұрынғы орыс ғалымдарының еңбектеріне

сүйене отырып, қазақ халқының тайпалық құрамын, оның халық болу процесін С. Аманжоловтан басқа кейбір қазақ тарихшылары да (одан бұрын М. Тынышбаев, одан кейін М. Мұқанов, Қ. Салғараұлы т.б.) зерттеп, құнды еңбектер жазғаны белгілі. Бірақ қазақ халқының тайпалық құрамымен, олардың бірігіп халық болу процесімен байланыстыра отырып, қазақтың халық тілінің қалыптасуы туралы батыл қадам жасап, алғаш зерттеген тек С. Аманжолов болды. Қазақтың халық, ұлт тілдері қалыптасуының жалпы хронологиялық шектері белгілі болғанымен, олардың қалыптасу жолдары мен тәсілдері қазір де толық зерттелген емес. Мысалы, тайпалық тілдер қалай халық тілі болып қалыптасты, халық тілі қалай ұлт тіліне айналды, тіліміздегі диалектілердің ұлттық тілдің, ұлттық әдеби тілдің негізіне қатысы қандай деген сияқты мәселелердің жайы осы күнге дейін 1950 жылдардағы С. Аманжолов зерттеулерінің деңгейінен аса қоймағаны белгілі. Сол себепті бұл еңбек қазақтың халық, ұлт тілдерінің қалыптасу тарихы сияқты аса күрделі, өзекті мәселеге арналған бірден-бір еңбек ретінде құндылығын төмендеткен жоқ.

Тек қазақ тіл білімінде емес, жалпы түркітанудағы қоғамдық ғылымымыздың көрнекті табыстарының бірі ретінде бағаланған, С. Аманжоловтың ғылыми мұрасында ерекше орын алатын бұл еңбекті қазақ тіліне аударудағы негізгі мақсат — республикамыз тәуелсіздік алғаннан бері халқымыз өзінің өткен тарихын білуге және ана тілінің шыққан тегіне қызығушылықпен қарап, оған мән беріп жатқан кезде, соған қатысты мол мағлұмат беретін күрделі еңбекті қазақ оқырманына оның ана тілінде жеткізу ниетінен туып отыр.

Еңбектің аудармасында мәтіндердің авторлық құрылымын сақтау жағы көзделді. Тарихи атаулардың (ел-жұрт, ру-тайпа, жер, адам атаулары) берілуінде негізінен авторлық орфография сақталды. Тек қазақы нұсқалары айқын жағдайда (Ертіс (Иртыш), Тобыл (Тобол), Жошы (Джучи), Әбілқайыр (Абулхаир), қанжығалы (қанджигалы), қаңлы (канглы) т. б.) атаулар осы күнгі емлеге лайық берілді.

Әдебиеттерге сілтемелер жинақталып, әр тараудың соңына беріліп отырды.

2003 жылы республика көлемінде туғанына 100 жыл толу мерекесі аталып өткен профессор С. Аманжоловтың осы еңбегін мәдени мұра қатарында бағалап, бастырып шығаруға ықылас білдірген «Сөздік-Словарь» баспасына ғалымның шәкірттері өздерінің алғысын білдіреді. Ештен де кеш деген.

Ғ. Қалиев,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.
2004 жыл, тамыз

АВТОРДЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Бұл еңбек қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелеріне арналған. Бұл проблемалардың революцияға дейін зерттелмеуі және революциядан кейін (тек 1937 жылдан бері) зерттелуінің қарқыны жеткіліксіз болғандығы бізде, Қазақстанда, ғылымның бұл саласының артта қалуына себеп болды. Біздің жоғары оқу орындарында күні бүгінге дейін бұл пәндер бойынша оқулықтар, оқу құралдарының болмай келгені кездейсоқ емес. Қазақ тілінің диалектілері бойынша не бары үш диссертация қорғалғанына, 5—6 мақала мен шикі материалдардың екі жинағы жарияланғанына қарағанда, бұл сала бойынша зерттеу тәжірибесінің бай еместігін мойындауға тура келеді.

Мен бұл еңбегімде рулар мен тайпалардың, халықтың шыққан тегімен тығыз байланыста қарап, қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының негізгі мәселелерін қамтуға тырыстым. Ол үшін мынадай жұмыстарды істеуге тура келді.

1. Қазақтардың шыққан тегі, басты тайпалары мен тайпалық одақтарының тарихы бойынша жиналған материалдар, қазақтың халықтық тілінің негізіне жатқан кейбір көне тайпалық диалектілер жайындағы мәліметтер қорытындыланды. Осындай нақты фактілердің негізінде халық тарихымен байланыстырып, қазақтың халықтық тілінің қалыптасу тарихын біз жаңаша баяндадық.
2. Диалектологиялық экспедициялардың материалдарына, жекелеген аудандық газеттер мен халық ауыз әдебиетінен, кейбір ақын-жазушылардың (революцияға дейінгі және кейінгі) шығармаларынан алынған мәліметтерге сүйеніп, қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері зерттелінді. Осындай нақты деректердің негізінде қазақ тілінде солтүстік-шығыс, оңтүстік және батыс деп аталатын үш негізгі диалектінің қалдықтары бары анықталды. Мұның өзінде оңтүстік және батыс облыстардағы қазақтардың тіл ерекшеліктері (фонетикалық, грамматикалық және лексикалық) солтүстік-шығыс диалектіге негізделген қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларымен үнемі салыстырылып отырды. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы, оның алғашқы құрылымы солтүстік-шығыс диалектіні жалпы сипаттау арқылы, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің рөлдерін дәлелдеу, сонымен бірге революцияға дейінгі кейбір баспа орындарының т. б. рөлін анықтау арқылы баяндалды.

Тілдік деректер негізінде қазақ тілінде үш жергілікті диалектінің қалдықтары сақталғанын айта отырып, автор әрбір диалект бірнеше говордан (сөйленістен — *Ғ. Қ.*) тұрады деп есептейді. Говорларды зерттеу қаншама күш, қаражат талап етеді, бірақ ол қазақ тілінің тарихы бойынша көп жаңа деректер берері сөзсіз. Автор мұнда қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының проблемалары толық шешілді, ешбір талас тудырмайды, әрі қарай нақтылауды қажет етпейді деген ойдан аулақ. Бұл еңбекте барлық проблемалар қамтылды деуге болмайды.

Кейбір мәселелер тек қойылып отыр, оларды шешу жолында тек алғашқы қадам жасалды. Көптеген мәселелер бойынша бізде қажетті архивтік, түпнұсқалық т. б. материалдар әлі жиналған жоқ; Қазақстанның барлық аудандары диалектологиялық экспедициялармен қамтылды деуге болмайды; Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтардың тіл ерекшеліктері мүлде зерттелген жоқ.

Орыс графикасына негізделген біздің әліпби қазақ тіліндегі бізге белгілі диалектизмдердің нәзік жәйттерін толық бере алатындықтан, ерекше бір фонетикалық әліпбиді пайдаланудың қажеті болмағанын атап айтуға тура келеді. Сол себепті бұл жұмыстағы диалектологиялық материалдың бәрі де (мәтін я бір немесе бірнеше сөзден тұратын мысалдар) қазақ әліпбиіндегі әріптермен немесе графикалық таңбалармен белгіленген.

«Қазақ тілінің негізгі диалектілері» тарауынан кейін Қазақстанның бағдарламалық диалектологиялық картасы, одан соң арнайы бөлім «Диалектологиялық сөздік» берілді. Оқырман одан әдеби тілде, анықтамалық сөздіктерде кездесе бермейтін көптеген сөздердің түсінігін таба алады. Сөздер мен сөз тіркестерінің түсінігі қазақ және орыс тілдерінде берілді.

Жұмыстың соңында қысқартылып берілген сөздер мен пайдаланған әдебиеттердің тізімдері берілді.

Бұл кітап автордың 1948 жылы қорғаған докторлық диссертациясының негізінде жазылды. Одан кейін автор оны бірнеше рет қайта жөндеп толықтырып отырды (1949—50, 1951—53, 1954—1955, ақыр аяғында 1956—57 жылдары).

Осы еңбекке ізеттілікпен пікір жазғандары үшін және автор қабылдаған құнды ескертпелері үшін қазір марқұм болған академик В. А. Гордлевскийге, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшелері Н. К. Дмитриев пен С. Е. Маловқа, сондай-ақ көздері тірі жолдас-тарға: профессор М. П. Вяткинге, ҚазКСР ҒА-ның академик-жазушысы С. Мұқановқа, ҚазКСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі Ө. Х. Марғұланға, филология ғылымдарының докторы Е. Ысмаиловқа және филология ғылымдарының кандидаты Ғ. Ғ. Мұсабаевқа шын алғысымды білдіруді өз міндетім деп есептеймін.

1958 ж., 22 қаңтар

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖАЙЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

§ 1. КІРІСПЕ ОРНЫНА

Қазақтың халық тілінің қалыптасу мәселесі қазақ тіл біліміндегі аса қиын мәселелердің бірі болып табылады. Оған, біріншіден, қазақ халқының шығу тегі зерттелмеуі; екіншіден, қазақ халқының өзіне және ондағы тайпалар мен тайпалық одақтарға тікелей қатысты көне жазба ескерткіштердің тапшылығы; үшіншіден, бұл мәселелерді шешуде кейбір бұрынғы шығыстанушылардың, тарихшылардың, бір жағынан, Н. Я. Маррдың палеонтологиялық әдіске сүйенген ілімінің жорамал пікірлері мейлінше бөгет жасағандығы себеп болды.

Өкінішке орай, біздің кейбір тарихшылар мен тілшілер этногенез мәселесінде ілгері баспай, бұрынғы шығыстанушылар мен түркологтардың пікірлерін қайталайды немесе қазақтың халықтық тілінің қалыптасуында кейбір тайпалар мен тайпалық одақтардың ерекше рөлі туралы дәлелсіз байымдаулармен шектеледі. Алғашқылары саналы не санасыз түрде қазақ тайпаларының байырғылығын жоққа шығарды, олардың көпшілігін кірме, тіпті түркі емес басқа этникалық элементтерден шыққан келімсектер деп есептеді. Екіншілері жеке тайпа мен тайпалық одақтың рөлі туралы айта келіп, этногенез мәселесіне мүлде бір жақты қарайды да, көптеген тайпалар мен тайпалық одақтардың рөлін жоққа шығарады.

Соңғылары, сірә, қазақ тілі мен қазақ халқының қалыптасуы мәселесін қазақ халқының құрамындағы негізгі тайпалар мен тайпалық одақтардың тілін, тарихын, этнографиясы мен антропологиясын зерттемей-ақ шешуге болады деп ойлайды.

Осы айтылғандарды ескере отырып, біз мүмкіндігінше: біріншіден, қазақ халқының этникалық, яғни ру-тайпалық құрамы туралы, екіншіден, неғұрлым ірі көне қазақ тайпаларының (үйсін, дулат, алшын, керей, найман, арғын, меркіт, қоңырат, жалайыр және қыпшақ) этникалық құрамға кіретіні туралы, үшіншіден, кейбір көне тайпалардың тілі туралы, төртіншіден, қазақ жүздерінің, яғни «халыққа аса ұқсас» (Маркс) тайпалық одақтардың қалыптасуы туралы, бесіншіден, халықтың қалыптасуымен байланысты қазақтың халық тілінің қалыптасу жайын түсіндіру туралы мәселелерге тоқтауды жөн көрдік.

§ 2. ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТУЫСТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қазақта рулық және патриархалды-феодалдық қауымның қоғамдық қатынастарын анықтауға, сол арқылы рулар мен тайпалар тілінің халық тіліне қатынасын айқындауға мүмкіндік беретін жазба ескерткіштер жоқ, дегенмен, бізде қазақтың ру шежірелері деп аталатын қызық материал бар. Олардың көпшілігі әлі жазылып алынбаған.

Кез келген қазақ (жасы 30—40-тан кем емес) өзінің руын, тайпасын, қай тайпалық одаққа жататынын білетіні белгілі. Қарттардың көпшілігі қазақ тайпалары мен тайпалық одақтары шежірелерінің бірнеше түрінен хабар береді. Әрине, бұл шежірелердің көпшілігі ауыздан-ауызға берілу кезінде өзгеріске ұшырап отырған, кейбір жеке адамдар өз болжамдарын енгізіп отырған, сол себепті кейбір шежірелердің жекелеген тайпалар мен тайпалық одақтардың тарихи шындығына сәйкеспейтіні жиі кездеседі. Соған қарамастан тарихшылар мен тіл мамандары оларды зерттеп, тиісті қорытындылар жасауға тиіс.

Қазақ тайпаларының ортақ бір тектен пайда болғанына біз күмән келтірмейміз. Бұл тұрғыда К. Маркс пен Ф. Энгельстің төмендегі сөздерін ескеруге тиістіміз:

1. «Ру аты ру шежіресін жасады, онымен қатар қойғанда, жеке отбасы шежіресінің маңызы болмай қалды. Осы ру аты енді сол атпен аталушылардың ортақ бір тектен таралғандығына айғақ болуға тиіс болды...

Ру атының өзі — ортақ бір тектен шыққандығының дәлелі, тек ру тарихының бұрынғы бір кезеңінде қаны басқа біреуді бала қылып алумен байланысты ру шежіресі үзілген жағдайда болмаса, тіпті даусыз дәлелі болған...

Ру мүшелерінің едәуір бөлегі өздерінің ортақ арғы ата-тегін ру деңгейінде айыра алады, ал қалғандары үшін күнделікті өмірде олардың шыққан тегі бір екендігінің дәлелі ретінде өз руының аты жеткілікті болды»¹.

2. «Ру шежірелерінің тым арғы заманға кеткендігі сонша, неғұрлым бертініректегі ортақ ата-бабалары болған біраз реттерде болмаса, басқа жағдайларда ру мүшелері енді өздерінің арасында шын мәнінде болған туысқандықты дәлелдей алмайтын болды. Ру атының өзі ортақ бір тектен таралғандықтың дәлелі, бөтен біреуді бала қылып алу реттерін санамағанда, тіпті даусыз дәлелі болды»².

Марксизм классиктерінің бұл сөздері халықтың шыққан тегін анықтауда ру шежірелерінің маңызы қандай екенін көрсетеді.

«Американдық жергілікті адамдар, — деп жазды К. Маркс, — табиғи өсіп-өну процесі нәтижесінде көптеген тайпаларға бөлінген; әр тайпаның өз аты, ерекше диалектісі, жоғарғы басқару орны, өзі иемденіп қорғап отыратын меншікті жері болды...»³.

Тағы да: «Табиғи өсіп-өну нәтижесінде жаңа тайпалар мен рулар үнемі пайда болып отырды, бұл процесс Америка құрлығының

кеңдігіне байланысты аса тез жүрді. Процесс қарапайым болды. Тіршілік етуге қажетті заттарды табуда артықшылығы бар, халқы шамадан тыс көбейген қандай да бір географиялық орталықтан халық бірте-бірте кетіп отырды. Жыл сайын осылай қайталап отырғандықтан, тайпаның алғашқы мекендеген орнынан біраз қашық жерде едәуір халық пайда болды; уақыт өткен сайын қоныс аударушылардың өз мүдделері қалыптасып, олар сана-сезімі жағынан өз тайпасына жат бола бастады, ең ақырында, тілдерінде айырмашылық туа бастады; мұның арты олардың территориялары шегаралас болғанымен, бір-бірінен ажырауына, тәуелсіздігіне алып келді»⁴.

Сірә, түркі тайпалары мен рулары да осылайша өсіп-өніп, кең таралып қоныстанған. Мұны осы күнгі көптеген түркі халықтарының рулық шежірелерінен көруге болады. Қазақ халқының рулық шежірелерінде (революцияға дейін және қазіргі кезде жазып алынған) қазақ халқының үш жүзге (ордаға) (ұлы, орта, кіші) бөлінетін көптеген рулар мен тайпалардан тұратыны айтылады.

«Жүздер» тарихи әдебиеттерде «ордалар» деп жиі айтылады, бірақ қазақтар ешқашан «жүз» сөзінің орнына «орда» сөзін қолданбаған.

Қазақтың Ұлы жүзі мынадай рулар мен тайпалардан құралған:

- | | |
|---------------|--------------------------------|
| 1. Қаңлы | 13. Бестаңбалы |
| 2. Үйсін | 14. Шапырашты |
| 3. Сарығүйсін | 15. Шымыр |
| 4. Дулат | 16. Шынқожа |
| 5. Шанышқылы | 17. Қоралас |
| 6. Ысты | 18. Суан |
| 7. Тілік | 19. Абдан ⁵ (албан) |
| 8. Сыйқым | 20. Ботбай |
| 9. Жаныс | 21. Сәмбет |
| 10. Ошақты | 22. Төлетай |
| 11. Бекболат | 23. Сіргелі |
| 12. Жалайыр | 24. Шібіл. |

Жүздердің екіншісі — Орта жүз мынадай рулар мен тайпалардан құралған⁶:

- | | |
|---------------------------|----------------------------|
| 1. Арғын | 13. Садыр |
| 2. Найман | 14. Матай |
| 3. Қыпшақ | 15. Уақ (немесе уақ-керей) |
| 4. Керей | 16. Қаракерей |
| 5. Қоңырат | 17. Бура |
| 6. Санғлы (саңлы) | 18. Ергенекті |
| 7. Маңғытай (не маңғатай) | 19. Терістаңбалы |
| 8. Бағаналы | 20. Абақ-керей |
| 9. Балталы | 21. Қытай-қыпшақ |
| 10. Мансыр | 22. Сыбан-керей |
| 11. Тарақты | 23. Қаба-керей |
| 12. Саржомарт | 24. Бурылсары-керей т.б. |

Жүздердің үшіншісі — Кіші жүз мынадай рулар мен тайпалардан құралған:



- | | |
|---------------|---------------------|
| 1. Алшын | 17. Терістаңбалы |
| 2. Алтын | 18. Оңтаңбалы табын |
| 3. Алаша | 19. Таздар |
| 4. Арғын | 20. Рамазан |
| 5. Әлім | 21. Телеу |
| 6. Беріш | 22. Төртқара |
| 7. Адай | 23. Сунақ |
| 8. Жүй | 24. Қарасақал |
| 9. Есентемір | 25. Шөмекей |
| 10. Жаппас | 26. Шекті |
| 11. Қаракесек | 27. Серкеш (черкеш) |
| 12. Кердері | 28. Тана |
| 13. Масқар | 29. Қызылқұрт |
| 14. Керейт | 30. Шихлар |
| 15. Тама | 31. Кете |
| 16. Табын | 32. Байбақты |
| | 33. Қарауылкесек. |

Әрине, үш жүзге біріккен бұл рулар мен тайпалар сан жағынан, тарихи рөлі жағынан бірдей емес. Демек, қазіргі қазақ тілінің қалыптасу процесіне олардың қатынасы да әр түрлі. Бұлардың көпшілігі тіпті тайпалық одақ емес, тек қандай да бір күшті ру мен тайпаға жататын жай ғана ру немесе соның бір буыны болуы мүмкін. Топылып жатқан қазақ рулары мен тайпалары туралы А. Левшин⁷ мен Н. Аристовтың⁸ пікірлері осындай.

Н. Аристов өзінің «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» («Живая старина», III—IV шығуы, СПб, 1896 ж.) атты тамаша еңбегінде таңбалық белгілерді салыстыру арқылы басты, негізгі рулар мен тайпаларды табу мүмкіндігін тұспалдай отырып, былай деп жазды:

«Көптеген зерттеулерге қарағанда, шығыс-финн тайпаларында рулық тұрмыс бұрыннан бұзыла бастаған, ескі әулеттен бөлініп шыққан жаңа ұрпақтың таңбасы ескі әулеттің таңбасына қосымша белгілер қосу арқылы жасалып отырған.

Бұл жағдай рулардың алғаш тарамдалып бөліне бастағандағы таңбалары осындай жолмен пайда болған деген ой тудырады. Егер бұл дұрыс болса, осы күнгі рулық таңбалар⁹ қазіргі рулық бірліктердің қандай рулардан жасалғанын көрсетуге тиіс. Мәселен, Ұлы жүздің Дулат бөлімінде негізгі таңба (дулат ұрпағында) дөңгелек ○ болып табылады. Қосымша бір белгісі бар дөңгелек ◐ абдан ұрпағының, қосымша екі белгісі бар дөңгелек ◑ суан ұрпағының таңбаларын білдіреді. Дулаттан тараған ботбай руының таңбасы үш қосымша белгісі бар ◒ дөңгелектен, ал сыйқым руының таңбасы төрт қосымша белгісі бар ◓ дөңгелектен тұрады.

Қырғыз-қазақтардың таңбалары жайында аса толық емес мәліметтер бойынша, арғын тайпасының таңбасы екі дөңгелек ○○, қаңлы тайпасынікі — бір түзу таяқшадан I, қыпшақ тайпасынікі — екі түзу таяқшадан II, керей тайпасынікі¹⁰ — бір-бірімен қиылысатын екі таяқша + не X, қоңырат тайпасынікі — бір жағы жоқ тік бұрыш , найман тайпасынікі — екі таяқшадан жасалған сүйір бұрыш  деп қорытындылауға болады.

Аталған тайпалардың рулары негізгі тайпалық таңбаға әр түрлі қосымшалар қосылған жалпытайпалық таңбаны өз малының қалаған бір мүшесіне салып отырады. Түркілердің тарихи көп ғасырлық көшпелі өмір сүруіне байланысты таза қанды тайпалар, рулар болған жоқ, қандас әр түрлі рулардың бөлшектерінен құралған әр текті одақтар басым болды. Тек тайпа емес, енді бір рудың өз ішінде әр түрлі таңбалы бөліктер кездесетін болған, олардың атауларына қарағанда, шынында, негізгі таңбаның иесі болып табылатын ру немесе тайпадан шыққаны байқалады.

Көшпелі өмір мен рулық тұрмысты сақтап қалған көптеген түркі тайпалары мен халықтарының ру таңбалары жиналып зерттелетін болса, олар тайпалар мен рулардың этникалық құрамының аса маңызды көрсеткіштері қызметін атқаруы мүмкін».¹¹

Бұл жерде Аристов айтқан пікірлерді толығынан қостай отырып, әйтсе де біз қазақ рулары мен тайпалары таңбалық белгілерінің толық жиынтығы әлі де жоқтығына қарамастан, бар таңбаларды салыстыра отырып, одан тиісті қорытынды жасауды ұйғардық.

Қазақ халқының рулары мен тайпаларындағы таңбалық белгілердің жалпы ұқсастығы

№	Рулардың атаулары	Таңбалы белгілер	Қай жүзге жататыны	Ұрандары
1.	Қаңлы	I	Ү. ж.	Айрылмас (Бөйтерек)
2.	Ысты	— —	Ү. ж.	Жауатар
3.	Тілік	— —	Ү. ж.	Жауатар
4.	Сыйқым	I L ♀	Ү. ж.	Сыйқым
5.	Қыпшақ	II II	О. ж.	Ойбас (уанс)
6.	Керейт	II ↑ II	К. ж.	Аксақал (ойтым)
7.	Тама	II II	К. ж.	Қарабура
8.	Қоңырат	└┐	О. ж.	Алатау
9.	Санғлы (саңлы)	└┐	О. ж.	

10.	Маңғатай		О. ж.	Мұқамал
11.	Алшын		К. ж.	
12.	Найман		О. ж.	Қаптағай
13.	Қарасақал		К. ж.	Алдияр
14.	Жаныс		Ұ. ж.	Жаныс
15.	Масқар		К. ж.	
16.	Беріш		К. ж.	
17.	Шөмекей		К. ж.	Дөйт
18.	Алтын		К. ж.	
19.	Ошакты		Ұ. ж.	
20.	Бекболат		Ұ. ж.	
21.	Черкеш		К. ж.	
22.	Есентемір		К. ж.	
23.	Жүй		К. ж.	
24.	Жағалбайлы		К. ж.	Боғанам (Манатау)
25.	Телеу		К. ж.	Тұлпар (Арғымақ Ханзада)
26.	Сіргелі		Ұ. ж.	Тоғанас
27.	Төртқара		К. ж.	Айыртау
28.	Сунақ		К. ж.	Қожахмет
29.	Бағаналы		О. ж.	
30.	Мансыр		О. ж.	
31.	Алаша		К. ж.	Алтыбас
32.	Шекті		К. ж.	Айыртау (Бөйтерек)
33.	Жаппас		К. ж.	Баймұрат
34.	Таз(дар)		К. ж.	
35.	Әлім		К. ж.	
36.	Таракты		О. ж.	Жаубасар (Жауқашар)
37.	Жалайыр		Ұ. ж.	Бөрібай

38.	Саржомарт	У	О. ж.	
39.	Шанышқылы	↓ ↑	Ү. ж.	Айрылмас, Бәйтерек
40.	Бестаңбалы	У	Ү. ж.	Терек
41.	Шымыр	У	Ү. ж.	Шымыр
42.	Шапырашты	У	Ү. ж.	Қарасай
43.	Дулат	○ ○	Ү. ж.	Бақтияр
44.	Табын	○ ○	К. ж.	Серке (Тостаған)
45.	Арғын	○ ○	К. ж.	Ақжол (Аманжол)
46.	Арғын	○ ○ ○ ○	К. ж.	Ақжол
47.	Терістаңбалы табын	○	К. ж.	
48.	Рамадан	○	К. ж.	Дулат
49.	Абдан (албан)	○	Ү. ж.	Райымбек
50.	Оңтаңбалы табын	○	К. ж.	
51.	Кердері	○	К. ж.	Қожахмет
52.	Шынқожа	○	Ү. ж.	
53.	Қоралас	○	Ү. ж.	
54.	Суан	○	Ү. ж.	
55.	Ботбай	♀ ♀	Ү. ж.	Самен
56.	Самбет	○	Ү. ж.	
57.	Сарыүйсін	□	Ү. ж.	
58.	Адай (ядай)	○ + ∇ ∇ ∇	К. ж.	Төлеген, Бекет
59.	Матай	∫	О. ж.	
60.	Садыр	ℒ	О. ж.	
61.	Қаракесек	∫	К. ж.	Ақпан Қарақожа, Ошыбай,
62.	Керей	⊞ ⊞	О. ж.	Ақжол
63.	Уақ	∫ ∫	О. ж.	Жаубасар
64.	Балталы	□	О. ж.	
65.	Қаракерей	∫	О. ж.	Қабанбай

Біз бұған қарап қазақтың негізгі және басты рулары мен тайпалары мына төмендегілер деп білеміз:

1. **Қаңлы** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Бұл тайпаға ысты, тілік және ойық жатқызылуы тиіс. Олардың таңбасы қаңлынікімен бірдей, бірақ тарихта тайпалық одақтар ретінде белгісіз болғандықтан, біз оларды қаңлы одағына кіретін рулар деп есептейміз.

2. **Қыпшақ** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Аристов қыпшақ тайпасының екі таяқшамен белгіленген таңбасының бір таяқшамен тектестігіне қарап, оны қаңлы тайпасынан шыққан деп ойлайды. Меніңше, екі таяқша көне тотеммен байланысты ерекше символдық белгіні білдіреді. Бағынышты, төуелді тайпалар мен рулардың таңбалары негізгі таңбадан өз алдына жеке тұрмайды, оған тең емес, болмашы сызықшалар (үстіне, астына, бүйіріне) қосу арқылы жасалады.

Сөйтіп, мен қыпшақты дербес тайпа деп есептеймін. Оған, меніңше, Кіші жүз руларынан тама жатады; қыпшақ таңбасын иеленгендіктен, бұған керейттерді жатқызуға болар еді. Олардың екі таңбасы бар, біреуі — неғұрлым бұрынғы қыпшақтық таңбасы, екіншісі — осы күнгі алшындық таңба. Керейттер алғашында да қыпшақтардың қарауында болып, кейін алшын одағына кірген, өзінің жалпыкерейлік таңбасын жоғалтқан. Сол себепті мен оларды қалайда Орта жүздегі керейлердің тобында қалдырамын.

3. **Қоңырат** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Сірә, ноғай руы маңғыт (мұнда маңғатай) және саңғылы тіпті көне заманда қоңыраттардың одағында болып, оның таңбасын қабылдаған.

4. **Алшын** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Оған: қарасақал, сунақ, жаныс, масқар, беріш, алтын, телеу рулары кіреді, бірақ олардың таңбаларының орналасуы алшындардікіндей емес. Алайда, таңбалық белгілердің дұрыс орналаспауы көбінесе көшірмешілерге, олардың қолтаңбасына байланысты. Таңбалары Z (зет) әрпі сияқты тұтас тұлға түрінде көрінгенмен, алшындарға таздар мен жаппас рулары да жатады. Шын мәнінде олай емес. Оның негізінде соңғы жағынан жоғары қарай үшінші сызықпен ұзартылған алшындық \wedge жатыр. Жаппаста шапырашты таңбасының болуы, оның кейін Ұлы жүздің қарауында болғанын көрсетеді. Алшындарға әлім тайпасы да кіреді, оның (алшындық) таңбасы екі еселенген, сөйтіп \mathbb{M} әрпіне ұқсас тұлға қалыптасқан.

5. **Наймаң** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Наймандар барлық руларымен қоса бір ғана таңбаға ие. Одан ерекшелік садыр, матай және ергенекті руларында кездеседі, соңғысының таңбасы қоңыраттардікіндей. Таңбалық белгілерді салыстыру үстінде маған наймандар мен алшындардың таңбалары бір емес пе екен деген ой келді, өйткені таңбаның үшкіл бұрышын

қалай орналастырудың мәні жоқ: \wedge не \vee , \langle не \rangle . Бірақ бұл пікір арнайы зерттеуді қажет етеді.

6. **Ошақты** (Ұлы жүзден) — дербес тайпа, себебі оның үш бұрышты \triangle таңбасын басқа таңбалардан шығаруға болмайды.

7. **Черкеш** немесе **серкеш** (Кіші жүзден), **есентемір**, **жүй**, **жағалбайлы**, **мансыр** (Орта жүзден) алшын мен найман тайпалық одақтарына жататын туыс тайпалар болып табылады.

8. **Бағаналы** (Орта жүзден). Егер оның негізгі таңбасы мүйіз тәрізді тұлға \mathcal{L} деп есептелсе, онда оны негізгі тайпаға жатқызуға болады; оның басқа таңбалары, мүмкін, бұл тайпаның бір кезде наймандардың арасында болғандығын (не кейін олардың құрамына кіргенін) көрсетеді. Аңыз бойынша оның найман руы деп аталуы тегін емес. Бірақ оның шекті руының (Кіші жүздегі) таңбасын еске түсіретін үшінші таңбасы **h** бар. Меніңше, үшінші дәрежедегі бұл таңба бағаналы найман одағына кіргеннен кейін, оның бір бөлімі үшін жасалған сияқты. Осыған байланысты шекті мен алаша рулары (Кіші жүз), осы күні алшындардың арасында екеніне қарамастан, найман одағынан шыққан деп есептеуге болады.

9. **Бекболат** (Ұлы жүзден) — негізгі тайпа.

10. **Шапырашты** — негізгі тайпа. Оған бестаңбалы және шымыр жатады. Бұлардың бәрі де Ұлы жүзден. Қоғамдық өмірде олардың салмағы бірдей болуы мүмкін, бірақ біз шапырашты руын бөліп көрсетуіміз керек, себебі оның атауы мен таңбасының суреті Υ бұл тайпаның атауына сәйкес келеді.

11. **Сіргелі** — негізгі тайпа. Бұл тайпаны бөлетін себебіміз, оның негізгі таңбасы тайпаның атауына сай келеді. Оның басқа таңбасы \dagger бір кезде керейлер мен төртқаралардың арасында болғанын көрсетеді.

12. **Шөмекей** — негізгі тайпа. Бұл тайпаны алшындардың құрамынан бөліп алатын себебіміз, оның екінші таңбасын негізгі және «шүмек» не «шөмеке» («су құйғыш» не сүт шелектің «шүмегі» мағынасында) руының атына сай келеді деп есептейміз.

13. **Жалайыр** (Ұлы жүзден) — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа.

14. **Тарақты** (Орта жүзден) — негізгі тайпа.

15. **Саржомарт** (Орта жүзден) — негізгі тайпа.

16. **Шанышқылы** (Ұлы жүзден) — негізгі тайпа.

17. **Дулат** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Оның Ұлы жүздегі рулары: суан, ботбай және самбет, ал Кіші жүздегі рулары: табын¹², терістаңбалы табын, оңтаңбалы табын, рамадан, кердері, шынқожа, қоралас және абдан. Соңғысын Левшин Кіші жүзге жатқызады; өзге авторлардың бәрінде, сонымен бірге басқа аңыздар мен ру шежірелерінде, абдан руы Ұлы жүзге жатқызылады.

18. **Арғын** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Арғындар Орта жүзде де, Кіші жүзде де кездеседі.

19. **Балталы** (Орта жүзден) — негізгі тайпа.

20. **Қаракерей** (Орта жүзден) — негізгі тайпа.


21. **Увақ не уақ** (Орта жүзден) — негізгі тайпа.

22. **Сарыүйсін** (Ұлы жүзден) — негізгі тайпа.

23. **Адай** (таңбасы Левшин бойынша) — негізгі тайпа.

24. **Матай** (бұған садыр руы да жатады) — негізгі тайпа.

25. **Қаракесек** (Орта жүзден) — негізгі тайпа.

26. **Керей** — аты тайпалық одақтың атауына айналған негізгі тайпа. Бәлкім, оның негізгі таңбасы .

Керейлердің бұл таңбасы қазақ рулары мен тайпаларының ешқайсысының таңбасына ұқсамайтындықтан, керейлерді дербес тайпа деп санауға болады. Басқа нұсқаларға қарағанда, керейлердің негізгі таңбасы **+**; бұл — олардың христиан дінін ғибадат етуінің белгісі деп жорамалданады. Онда олармен бір мезгілде христиандар болған наймандарда неге ондай таңба жоқ деген сұрақ туады. Меніңше, керейлердің крест таңбасы негізгі емес, қосымша. Мұндай крест телеу, сіргелі, ботбай, қоралас, сымбат, сарыүйсін (Ұлы жүз) және төртқарада да (Кіші жүз) бар, бірақ олардың христиандығы туралы дерек жоқ.

Таңбаларды салыстыру «керейт» немесе «уақ керей» керейлермен бір еместігін көрсетеді. Керейттер қыпшақтардың құрамына кіргенде, қыпшақ таңбасын **||**, ал алшындардың құрамына кіргенде солардың таңбасын **^** қабылдауы мүмкін.

Сөйтіп, бұл талдаудан қазақта өз ішінен рулар мен буындарға бөлініп отыратын 9 тайпалық одақ, 26 тайпа болғаны байқалады. 26 тайпаның 9-ы Ұлы жүзге, 14-і Орта жүзге, 3-і Кіші жүзге жатады. Әрине, қолда таңбалық белгілері болмағандықтан, тайпалық одақтар құрамындағы көптеген тайпалар әлі белгісіз болып қалды. Бұған дербес тайпалар болып табылатын меркіттер, үйсіндер т. б. жататыны күдік тудырмайды. Тайпалар мен руларды санап өту, олардың таңбалық белгілерін салыстыру қазақ халқының бір кезде өз алдына өмір сүрген қандай этнонимдерден тұрғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыдағы баяндаудан көрінгендей, көптеген тайпалар мен рулар үш жүзде де кездеседі. Мысалы, арғындар Орта және Кіші жүздерге жатқызылған. Төртуыл руы наймандар мен арғындардың арасында белгілі. Қаракесек руы Кіші жүзде де, Орта жүзде де бар. Сөйтіп, көптеген рулар мен тайпалар үш жүздің бәріне бірдей қатысты. Рулық шежірелер мен аңыздар дерегі бойынша, қоңырат тайпасы Орта жүзге жатады, бірақ оның көпшілігі, Левшин мен Аристовтың¹³ жазғанындай, кейін қоқандықтардың қарауында болып, ұлы жүздіктермен бірге көшіп-қонып жүргендіктен, өзінен-өзі Ұлы жүздің бір бөлегі болып есептелген.

Бұл фактілерге қарап, жүздерге бөліну тіпті де тайпалардың туыстық белгілері бойынша емес, жекелеген рулар мен тайпалардың экономикалық мүдде бірлігіне сай территориялық орналасуына қарай болған деп қорытынды жасауға болады.

Қазақ халқының рулары мен тайпаларының араласуы, сiңiсiп кетуi қазақ одағы құрылғаннан кейiн де тоқтамаған. Көне заманда жеке ру я тайпа ерекше территорияға ие болып, «бөтендердi» өзiнен аулақ ұстап, басқалардың қарауында болғысы келмеген; бiрақ араласу процесi олардың дегенiнен тыс жүрiп жатты. Сол себептi қазiр бiз оңтүстiктегi үйсiн, қаңлы, дулаттардың арасында қыпшақ, керей, қоңырат..., керiсiнше, солтүстiктегi қыпшақ, арғын, найман, керейлердiң арасында батыстағы алшын рулары, оңтүстiктегi үйсiн, дулаттар¹⁴ бар екенiн көреміз.

Әрбiр ру, тайпаның табиғи өсiп-өнуi жайылым, көшi-қон аудандарын кеңейту қажеттiгiн тудырды. Көшпелiлердiң өмiрi мен тағдыры толығымен малдың күйiне, демек, жайылым шөбiнiң қорына байланысты болды. Тiршiлiк үшiн күресте әлдi тайпалар әлсiз тайпаларды қашанда ығыстырып немесе өзiне бағындырып отырды. Әлдi тайпалар мен халықтардың әлсiздерге қауiп төндiруi немесе әлсiн-әлi шабуыл жасауы тайпалық одақтарға бiрiгуге мәжбүр еттi. Сыртқы қауiп-қатер олардың халық болып бiрiгуiне әсер еткен себептердiң бiрi болды.

Сөйтiп, алғашқы қоғамдық топтар, рулар мен тайпалар бiрде ажырасып (дифференциация), бiрде бiрiгiп (интеграция), нәтижесiнде бiрте-бiрте бiр-бiрiмен қосылып отырды, олардың саны азайғандықтан, тайпалар одағы iрiленiп, көбейiп отырды.

Бұл тұрғыда орыстың шығыстанушы-этнографы Аристов мынандай тартымды пiкiр айтты:

«...Шынында да өзiнiң бастапқы негiзiнде рулар адамдардың алғашқы қоғамдық топтарда табиғи өсiп-өнуiнiң нәтижесi бола отырып, отбасы санын молайтатын жаңа адамдардың табиғи көбеюi нәтижесiнде олар бөлiмдерге, бөлiмдер өз iшiнде бөлiмшелерге т. б. қалайда бөлшектенуге тиiстi болды. Бiрақ сонымен бiр мезгiлде жаңа рулық бөлiмдердiң және басқа қазiргi топтардың пайда болуына табиғи көбеюден құдiретi кем емес экономикалық және саяси факторлар әсер еттi: мал басының көбеюiне байланысты жайылымдардың жетiспеуi, жайылым үшiн күрес, осыған және iшкi бүлiк, ұрыс-керiс, ақырында, сыртқы жаугершiлiк соғыстарды тудырып отыратын басқадай себептер — бәрi жаңа рулық бiрлiктер мен одақтарды жасайтын рулардың, олардың бөлiмдерiнiң топтасуына ықпал еттi. Әр түрлi себептермен туған толқулар мен бүлiктер кезiнде күштi, айлакер көсемдер көрнектi рөл атқарады, олардың қарамағына өте жақын туыстары ғана емес, қаны бөлек рулардың бөлiмдерi, тiптi басқа тайпалықтар жиналады. Сөйтiп, қандас рулардың өз iшiнде жiктелуiмен бiрге, кейiн оларды алмастырған рулық одақтар, құрамында әр түрлi ру-тайпалық топтар болғанына қарамастан, халық санасында қандас рулық бiрлiктер деп танылады. Жаңа рулық

бірліктердің пайда болуы және олар топталып жаңа рулық одақтар жасалуы — түркі көшпелілерінің бүкіл өмірінде мыңдаған жылдарға созылып келе жатқан процесс. Сол себепті осы күні қырғыз-қазақтар рулардың қандастық қатынасын жоғалтқан әр түрлі тайпалардан, тіпті халықтардан тұратын рулық одақтардың конгломераты болып табылады.

Дегенмен, шын мәнісінде көшпелі түркілердің құрамы өз ішінде белгілі дәрежеде бір жағынан жалған, бір жағынан нағыз рулық қандастық сипаты бар қатынаста болып келді. Бұл — көшпелілерде осы күнге шейін сақталып отырған қуаты мол рулық тұрмыстың салдары екені сөзсіз. Рулар арасындағы қандастық, генеалогиялық қатынастардың ерекше түрінің халық санасында сақталу себебі осында жатыр. 2—3 ұрпақтан кейін тарихи уақиғалар жайында, рулық одақтардың қалыптасуы, өзгерістері мен ыдырауы жайында нақты естеліктерді ұмытқан көшпелі түркілер өз руының немесе қоғамдық бірліктердің, олардың бөлімшелерінің шығу тарихын адамдардың табиғи өсіп-өнуі нәтижесінде болып отыратын жаңа рулық құрылымдар түрінде әрқашанда нақты түсіне біледі»¹⁶.

Мұнда көп жәйттер дұрыс айтылған, олар тарихи фактілерге қайшы емес. Дәйексөздер алынған Аристовтың кітабын сынап отырып, академик В. В. Бартольд моңғолдар құрған Жошы және Шағатай ұлыстарының, сонымен бірге көшпелілер империясы дейтіннің құлауын тап күресі арқылы түсіндіреді. Меніңше, бұл арада акад. Бартольд дұрыс түсінбеген, ол билеуші моңғолдар мен оған бағынған қазақтардың және басқа Орта Азия халықтарының шыққан тегі бір деп ойлаған, сол себепті, моңғолдардың бұғауынан азаттық үшін халықтардың күресін мойындамайды. Әрине, Аристовтың көшпелі түркілер өмірінің барлық жағында ру-тайпалық одақтардың маңызы басым болды дегені дұрыс емес. Ол түркі халықтары арасында қалыптасқан феодалдық қатынастарды және соған байланысты революцияға дейінгі рулар мен тайпалар ішіндегі тап күресін көрмеген, мойындамаған.

Аристов өзінің «Заметки...» деп аталатын еңбегінде рулық топтардың одақтарға бірігуі жайындағы мәселені көтергенімен, бірақ оны тиісті бағытта дамытпайды. Ол былай деп жазды:

«Күшті, саны көп, ынтымақты ру ең жақсы жайылымдарға ие болуда, сыртқы жаудан қорғануда өзінің руластарына шын мәнінде сенімді көмек көрсетуде, тайпалық немесе мемлекеттік істерде өздерінің ру басыларына берік саяси ықпал жасауда және оларды тайпа мен мемлекеттің пайдасына түскен олжа мен алым-салықтың мол үлесімен қамтамасыз етуде зор мүмкіншілікке ие болды. Рудың сан жағынан көп болуы оған күш бергенімен, бірақ жайылымдарды пайдаланудың шаруашылық жағдайлары және басқа себептер белгілі уақытта рудың тұтастығын сақтауға мүмкіндік бермеді, ерте ме кеш пе ірілі-уақты дербес бөлімдерге бөлінетін болды. Соның салдарынан әрбір руда, бір жағынан, рудың тұтастығын сақтау қажеттігі, екінші жағынан, бөлініп шығуға деген талап күшейеді.